

"Жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстau қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 25 тамыздағы № 354 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 24 тамыздағы № 199 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 27 тамызда № 21135 болып тіркелді.

#### БҮЙЫРАМЫН:

1. "Жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстau қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 25 тамыздағы № 354 бүйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 15772 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 3 қазанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бүйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстau және өсіру қағидаларын бекіту туралы";

Бүйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстau және өсіру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстau қағидалары осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бүйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі

департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Экология, геология және табиғи ресурстар министрі

M. Мирзагалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрлігі

Қазақстан Республикасының

Экология, геология және  
табиғи ресурстар министрінің  
2020 жылғы 24 тамызы № 199

Бұйрығына қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары –  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2017 жылғы 25 тамыздағы  
№ 354 бұйрығымен бекітілген

## **Жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстau және өсіру қағидалары 1-тарау. Жалпы қағидалар**

1. Осы Жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстau және өсіру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Занының 9-бабы 1-тармағының 69) тармақшасына сәйкес әзірленді және жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстau және өсіру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жануарларды еріксіз жағдайларда ұстau - жануарларды торларда, вольерлерде және басқа да арнайы үй-жайларда ұстau;

2) жануарларды жартылай ерікті жағдайларда ұстau - жануарларды табиғи мекендеу ортасына жақын жағдайларда ұстau, онда олар көбінесе табиғи азықтармен қоректенеді

, бірақ олардың табиғи алқаптардың қолдан оқшауланған участекесінен тыс еркін орын алмастыруға мүмкіндігі болмайды;

3) жануарлар – құрғакта, суда, атмосферада және топырақта табиғи еркіндік жағдайында болатын жабайы жануарлар (сүтқоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, моллюскалар, жәндіктер).

3. Қағида Қазақстан Республикасының аумағында жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстайтын және өсіретін заңды және жеке тұлғаларға қолданылады.

4. Жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстau және өсіру мынадай қағидаттарға негізделеді:

жануарларға адамгершілік қарым-қатынас;

жергілікті атқаруши органдардың, жануарларды қорғау саласындағы қоғамдық ұйымдардың жануарларды қатыгез қараудан қорғау, жануарлар санын есепке алу, реттеу саласында қатысуы, жануарлар иелерінің қолданыстағы Заңды және осы Қағиданы орындауы талап етіледі.

## **2-тaraу. Жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстau тәртібі**

5. Жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстau мыналар болған жағдайда рұқсат беріледі:

жануарды сатып алушың заңдылығын растайтын құжаттар:

1) "Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқаруши 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 18-04/675 бүйріғына сәйкес жануарлар дүниесін пайдалануға жергілікті атқаруши органның рұқсаты қажет (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10168 болып тіркелген);

2) Заңының 15-бабының 3-тармағына сәйкес жануарлардың сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін алыш қоюға Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі қажет;

3) басқа елден әкелу "Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге әкімшілік органның рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқаруши 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/143 бүйріғына сәйкес әкімшілік органның рұқсаты қажет (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11935 болып тіркелген);

4) сыйға тарту сыйға тарту актісі қажет;

5) сатып алуға тиісті чекті немесе сатып алу актісі қажет;

биологиялық, түрлік және жекелеген ерекшеліктеріне сәйкес келетін ұстай жағдайлары.

6. Қазақстан Республикасының аумағында жылжымалы зоологиялық көрмелердің, байланыстағы хайуанаттар парктерінің, цирктердің қызметіне осы Қағидалардың талаптары сақталған жағдайда жол беріледі.

7. Жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстаяу осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес аландардың ең төменгі нормалары сақталған кезде жол беріледі.

8. Жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті ұстаяу:

бос уақытты ұйымдастыру кезінде экологиялық-тәрбие жұмысын көрсету және өткізу;

жануарларды оңалту;

ұлттық табиғи парктерде, жануарларды өсіру орталықтарында өсіру және одан әрі реинтродукциялау;

ғылыми зерттеулер жүргізу;

аңшылық шаруашылықтарындағы аңшылық алқаптарының өнімділігін арттыру үшін;

(сатуға, ет, тері, жұмыртқа, мүйіз) алуға, аң аулауды жүргізуге, сафариде парктерде, фермерлік аңшылық шаруашылықтарындағы демонстрациялық вольерлерде көрсету мақсаттарында жол беріледі.

9. Жеке немесе занды тұлға ұстайтын жануарлар саны оларды ұстая жағдайларын қамтамасыз ету мүмкіндігімен шектеледі.

10. Жануарларды ұстая жағдайлары олардың биологиялық, түрлік және жеке қажеттіліктерін қамтамасыз етеді, сондай-ақ оларды ұстая орындарынан шығуын болдырмайды.

11. Жануарларды ұстая орны жануарларды орналастыру үшін қажетті құралдармен жабдықталған, олардың тіршілік әрекетін қамтамасыз ететін (апандар, ұялар, паналар) жеткілікті кеңістікпен қамтамасыз етіледі.

Барлық жабдықтар, оның ішінде электр аспаптары жануарларды жарақаттаусыз және зақымдамай орнатылады.

12. Жануарларды еркін ұстая кезінде жаңбырдан, қардан, желден немесе олардың жайлышы мен әл-ауқатына қажетті шамадан тыс күн сәулесінен жеткілікті паналауды қамтамасыз етеді.

13. Жануарларды ұстая орындарында анықталған жабдықтардың, торлардың, вольерлердің ақаулықтары дереу жойылуға тиіс. Жоғарыда көрсетілген ақаулықтарды тез жою мүмкін болмаған жағдайда жануарларды басқа орынжайға ауыстырады, ал ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда қауіп көзімен жанасудан оқшаулады.

14. Температуралық режим, жануарларды ұсташа орындарын желдету және жарықтандыру жануарлардың түріне сәйкес көзделеді. Жарықтандыру деңсаулық және гигиена жағдайына ағымдағы тексеру жүргізу үшін, сондай-ақ жинау үшін жеткілікті жүзеге асырылады.

Жасанды жарық көздерінің күн сәулесіне барынша жақын және жануарлардың жайсыздығын немесе жансыздығын тудырмайтында қарқындылығы болуы қажет.

15. Жануарларды азықтандыру әр дарақтың нақты түрі мен жеке қажеттіліктерін ескеретін азық рационы бойынша жүзеге асырылады.

Рационды жасаған кезде әрбір жануардың ұсташа жағдайлары, мөлшері, жасы мен белсенділігі және ерекше жағдайларда қажеттілігі (мысалы, жануардың физиологиялық қажеттілігі, жануарларды топта/табында ұсташа, қысқы ұйқы) және белгілі бір жануарларға арналған рационның ерекшеліктері (мысалы, ветеринариялық емдеудегі жануарларға, жүктілігі бар аналық жануарлар үшін, төлдерге) ескеріледі.

16. Жануарлардың азығын және суды беру кезінде жануарлардың табиғи мінез-құлқы ескеріледі.

17. Жануарлар үнемі жеткілікті мөлшерде таза ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

18. Жем-шөп пен суға арналған контейнерлер пайдалану кезінде олар жануарға әрқашан қолжетімді болатында етіп орналастырылады. Қолданғаннан кейін оларды үнемі жуу қажет.

19. Азықтандыру әдістері жануарлар үшін де, олардың иелері немесе жануарларды азықтандыру жүргізетін адамдар үшін де қауіпсіздікпен қамтамасыз етіледі.

20. Жануарларды күту жануарлардың ыңғайсыздығын, күйзелуін және жарақаттануын барынша болдырмайтында етіп жүзеге асырылады.

Жануарлар ауырған жағдайда емдеу ветеринария саласындағы мамандардың басшылығымен жүзеге асырылады.

21. Жануарларды асырауда жол берілмейді:

қатар орналасқан орынжайларда өзара қатысуы күйзеліске әкелетін жануарларды орналастыру;

бір жануарлардың басқалардан артық ұстемдігі;

жануарларды бір орынжайларда ұсташа, егер олардың бірге тұруы олардың біреуінің өлуіне әкеп соқтыратыны белгілі болса.

### **3-тарау. Жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда өсіру тәртібі**

22. Жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда жасанды өсіру Заңының 19-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

23. Жануарлардың бағалы, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда олардың санын сақтау және ұлғайту

мақсатында оларды кейіннен мекендеу ортасына шығару Заңның 19-бабының 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

24. Еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда өсірілген жануарлардың жеке сәйкестендіру белгілері (бирка, сақина, татуировка, микрочип) болады.

25. Жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда өсіруге арналған фермерлік аңшылық шаруашылықтары зоотехникалық және ветеринариялық жұмыстарды (қарау, өлшеу, ветеринариялық іс-шаралар, белгілеу, мүйіздерін кесу) жүргізуге арналған жарықпен жабдықталады.

26. Жануарларды ұстаяу жағдайларын, денсаулық жағдайын және мінез-құлқын иесі немесе жануарларды күтетін адамдар құніне кемінде екі рет тексереді және ұстаяу режимі сәйкес келмеген немесе бұзылған, жануардың қалыпты емес мінез-құлқы анықталған жағдайда осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша иесі жануарларды бақылау журналына тиісті жазба жасалады.

27. Егер жануар қоршаған ортаға қауіпті болса, жануарларды уақытша оқшаулау жүргізіледі.

28. Жануар өлген жағдайда иесі оның (жануардың) өлу фактісі туралы жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органға хабарлайды.

29. Табиғи ортадан алынған, еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда өсірілген немесе заңмен тыйым салынбаған басқа жолмен сатып алынған жануарлар осы Қағиданың 6-тармағында көрсетілген құжаттар негізінде занды және жеке тұлғалардың жеке меншігінде болады.

Жануарларды еріксіз және  
(немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстаяу  
қағидаларына 1-қосымша

## Жануарларды ұстаяу мен өсіруге арналған аландардың ең аз нормалары (бір дараққа есептегендеге)

№ р/с	Жануарлар атауы	Ұстаяу орнының түрі	алаң (шаршы метр)	білктігі , (метр)
----------	-----------------	------------------------	----------------------	----------------------

### Сұтқоректілер

1	ұсақ кеміргіштер (тышқан)	торлар	0,05	0,2
2	ұсақ жыртқыш (ақ қалақ, ақкіс), тұтқыр қанаттылар	вольерлер	1	1,5
3	орташа кеміргіштер (ақшылдар, шиншилдер)	вольерлер	2	1-2
4	ірі кеміргіштер (жабайы балықтар, камшаттар және басқалар), виверлік (виверрлер, мангустар)	вольерлер	4	2,5
5	орташа жыртқыш (жанат, сусар, ұсақ ит, түлкі, ит)	вольерлер	6	2,5

6	ит (касқыр), орташа мысықтар (сілеусіндер, леопардтар)	вольерлер	20	3
7	ұлken мысықтар (арыстандар, жолбарыстар, ягуарлар), аюлар	вольерлер	30	3
8	қабандар, еліктер, ландар, тапирлер, сүйелшілер, ұсақ антилопалар	вольерлер	30	3
9	ешкі, қой, муфлондар	вольерлер	25	3
10	бұландар, бұғылар, ұлken антилопалар, зебралар	вольерлер	50	3
11	зубрлар	вольерлер	150	4
12	жирафтар	вольерлер	150	8
13	мұқітістілер (аюлар, таспака, жалқаулар)	вольерлер	3-6 жануардың мөлшері мен түріне байланысты	1,5-3
14	орташа өлшемдегі кенгуру	вольерлер	10	3
15	ұлken көлемдегі кенгуру	вольерлер	25	3
16	ұсақ приматтар (игрункалар, тамариндер)	вольерлер, торлар	1,5-3 жануардың мөлшері мен түріне байланысты	2
17	орташа приматтар, (маймылдар, макакалар, павиандар )	вольерлер, торлар	10	3
18	ірі приматтар	вольерлер, торлар	20	4

## Құстар

1	ұсақ торғай тәрізді, тотықұс тәрізді	вольерлер, торлар	0,3	0,5
2	көгершін тәрізділер	вольерлер, торлар	0,5	0,5
3	қырғауыл, үкі тәрізді, сұңқар тәрізді, тотықұс тәрізді, шоттұмсық тәрізді	вольерлер, торлар	1,5	1,5
4	қаз тәрізді (үйректер, қаздар, қараشاқаз)	терендігі 80 см кем емес бассейні бар вольерлер	4	1,5
5	ұлken тотықұс, мүйізтұмсық құстар	вольерлер, торлар	1,5	2
6	бірқазан, акку	терендігі 1,0 м кем емес бассейні бар вольерлер	4	2,5
7	орташа және ұлken сұңқар ұқсас (қырандар, грифтер, кондорлар) ұлken үкіге ұқсас, тырна тәрізді, дегелек ұқсас (тырна, құтан, фламинго)	вольерлер, торлар	5	3
8	түйекұс тәрізділер (африкалық түйекұсты есептемегендे)	вольерлер	12	3

Жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті

жағдайларда ұстау қағидаларына

2-қосымша

Нысан

уақыты / мерзімі	Жануар түрі	Идентификациялау (сақина, татуировка, микрочип)	( жағдайы (жақсы / қанағаттанарлық / нашар	Мінез-кулық ерекшелігі	Ескертпе маманың аты, жөні, әкесінін аты	Тексеріс журғізілген

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК